

**Төтенше жағдайлар жөніндегі органдар жүйесінің, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, мемлекеттік қызметші емес қызметкерлері қазыналық кәсіпорындары қызметкерлерінің мамандығы бойынша жұмыс стажын есептеу ережесін бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2011 жылғы 4 сәуірдегі № 135 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2011 жылғы 13 маусымда № 7005 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 29 қыркүйектегі № 946 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 29.09.2016 № 946 бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтіру мақсатында, «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 43-1-бабын және «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1400 қаулысын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Төтенше жағдайлар жөніндегі органдар жүйесінің, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, мемлекеттік қызметші емес қызметкерлері қазыналық кәсіпорындары қызметкерлерінің мамандығы бойынша жұмыс стажын есептеу ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Кадрлық қамтамасыз ету департаменті осы бұйрықты әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Министрліктің орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелері, ведомстволары, аумақтық органдары мен ведомстволық бағынысты ұйымдарының басшылары осы Ережені зерделеуді ұйымдастырсын және күнделікті қызметте мүлтіксіз қолданылуын қамтамасыз етсін.

4. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:  
«Төтенше жағдайлар жөніндегі органдар жүйесі мемлекеттік мекемелерінің мемлекеттік қызметші емес қызметкерлері үшін мамандығы бойынша жұмыс стажын есептеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің 2002 жылғы 19 маусымдағы № 468 бұйрығы (

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1912 болып тіркелген, «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде», 2002 ж. жарияланған, № 34, 674-құжат);

«Қазақстан Республикасының әділет министрлігінде тіркелген № 1912 Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің 2002 жылғы 19 маусымдағы № 468 «Мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын төтенше жағдайлар жөніндегі органдар жүйесі мемлекеттік мекемелерінің қызметкерлері үшін мамандығы бойынша жұмыс өтілін есептеу Ережесін бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі Төрағасының 2004 жылғы 9 қаңтардағы № 17 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2698 болып тіркелген, «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде», 2004 ж. жарияланған, 13-16 914-құжат).

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің аппарат басшысы С.Қ. Окасовқа жүктелсін.

6. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізілді.

Қазақстан Республикасы  
Төтенше жағдайлар Министрі *В. Божко*

« К е л і с і л д і »

Қазақстан Республикасы  
Еңбек және халықты  
элеуметтік қорғау министрі  
*Г. Әбдіқалықова*

2011 жылғы 13 мамыр

Қазақстан Республикасы  
Төтенше жағдайлар министрінің  
2011 жылғы 4 сәуірдегі  
№ 135 бұйрығымен бекітілген

**Төтенше жағдайлар жөніндегі органдар жүйесінің, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, мемлекеттік қызметші емес қызметкерлері қазыналық кәсіпорындары қызметкерлерінің мамандығы бойынша жұмыс стажын есептеу ережесін бекіту туралы**

1. Осы Ереже Төтенше жағдайлар жөніндегі органдар жүйесінің, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, мемлекеттік

қызметші емес қызметкерлері қазыналық кәсіпорындары қызметкерлерінің мамандығы бойынша жұмыс стажын есептеу тәртібі мен шарттарын реттейді.

2. Төтенше жағдайлар жөніндегі органдар жүйесі мемлекеттік мекемелерінде және ұйымдық-құқықтық нысандарына қарамастан басқа да ұйымдарда мамандығы бойынша жұмыс істеген барлық уақыты кіреді, сондай-ақ:

1) сол мамандығы бойынша мемлекеттік қызметке келуі;

2) Қарулы Күштердегі, Азаматтық қорғаныстың әскер бөлімдеріндегі, басқа да әскерлердегі және әскери құрамалардағы, құқық қорғау органдарындағы, мемлекеттік өртке қарсы және суда-құтқару құтқару қызметтеріндегі және құрамаларындағы жұмысы;

3) жүктілігі және тууы бойынша демалысы, сондай-ақ балаға қарау үшін берілген айлықақысы сақталмайтын демалыс уақыты;

4) Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының, маслихат депутаттарының өкілеттігін жүзеге асыру уақыты;

5) шетелдегі жұмысы, егер қызметкер шетелге барар алдында мамандығы бойынша мемлекеттік мекемеде жұмыс істесе және шетелден келген күннен бастап екі ай ішінде, көшкен күнін есептемей, мемлекеттік мекемеге жұмысқа орналасса;

6) соттардағы, прокуратура органдарындағы, мемлекеттік өртке қарсы қызметтегі, Қазақстан Республикасының және бұрынғы КСР Одағының ішкі қызметтеріндегі, мемлекеттік қауіпсіздік органдарындағы, ұлттық қауіпсіздік және Қазақстан Республикасының бұрынғы мемлекеттік тергеу комитетіндегі еңбек сіңірген жылдары үшін үстемеақы алуға құқық беретін лауазымдағы жұмыстары;

7) КСРО-ң Мемлекеттік банкі және Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі жүйесіндегі қызметі;

8) мерзімді әскери қызмет атқаруы, сондай-ақ интернационалдық борышын орындауы, тұтқында болған әскери қызметшілер, офицер құрамы адамдарының, прапорщиктердің, мичмандардың, әскери қызметшілердің Қарулы Күштердегі, ішкі, шекара әскеріндегі, басқару органындағы және Қазақстан Республикасының және бұрынғы КСР Одағының азаматтық қорғаныс бөлімдеріндегі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті және КСОО Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті органдары жүйесіндегі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметіндегі және Қазақстан Республикасының Республикалық ұланындағы мерзімнен тыс қызметі, жағымсыз себептермен қызметтен босатылған адамдарды қоспағанда;

9) басшы құрам адамдарының ішкі істер органы жүйесінде, мемлекеттік өртке қарсы қызметте, прокуратура органының қызметінде, Қазақстан Республикасы және бұрынғы КСР Одағы соттарының аппаратындағы қызметінде

, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тергеу комитеті қызметінде атқарған қызметі, жағымсыз себептермен қызметтен босатылған адамдарды қоспағанда;

10) заңсыз жұмыстан шығарылуы салдарынан бос жүруі және кейін қайтадан жұмысқа алынуы;

11) мемлекеттік мекеменің жолдамасы бойынша жұмыстан қол үзіп даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі курстардағы оқуы;

12) өз мамандығы бойынша сала ұйымдарындағы ғылыми жұмыстары;

13) қызмет аясына қарамастан, ұқсас мамандық бойынша оның еңбек жолында атқарған лауазымдағы жұмысының уақыты кіреді.

3. «Қазселденқорғау» мемлекеттік мекемесінің және оның ведомстволық бағынысты ұйымдарының қызметкерлері үшін жұмыс өтіліне сондай-ақ байланыс, жөндеу-құрылыс, құрылыс, гидрометеорологиялық, жобалау-іздігіру және инженерлік-гидрологиялық, ғылыми-зерттеу және білім беру қызмет аясын ұйымдастыратын лауазымдардағы уақыт енгізіледі.

4. Осы Ережеге сай мамандығы бойынша есептелетін жұмыс өтілі күнтізбелік есептеу кезінде есепке алынады.

Күнтізбелік ай ішінде лауазымдық айлықақысын (төлемін) көтеру құқығы берілетін қызметкерлерге жұмыс өтілін есепке ала отырып, лауазымдық айлықақысын есептеу осындай құқық берілетін күннен бастап жүзеге асырылады.

5. Мамандығы және ұқсас мамандығы бойынша еңбек стажын, еңбек стажын белгілеу жөніндегі мемлекеттік мекеме комиссиясы белгілейді, оның құрамын тиісті мемлекеттік мекеменің басшысы бекітеді.

6. Мамандығы бойынша еңбек стажын белгілеу туралы комиссия шешімі хаттамамен ресімделеді. Шешімнің көшірмесі екі данада жасалады, оның бір данасы - кадр қызметіне, екіншісі - бухгалтерияға беріледі.

7. Мамандығы бойынша жұмыс өтілін белгілеуге арналған қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжаттар Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасына сәйкес анықталады.